Заңды және нақты мекенжайы: Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 050026, Алматы қ., Байзақов к-сі, 125-ғим., 2-т/е орынжай., 705А-кеңсе;
Телефон нөмірі: +7 (707) 777-62-30, факс жоқ;
Электрондық пошта адресі: info@capitalinvest.kz.

Эмитенттің нақты мекенжайы Эмитенттің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасында көрсетілген орналасқан орнынан өзгеше емес.

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларға төлем жасау тәсілдері және солар бойынша табыс табу туралы мәліметтер.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер.

Осы облигациялар шығарылымы Эмитентті қамтамасыз етпестен купондық облигациялардың алғашқы шығарылымы (әрі қарай – Облигациялар) болып табылады.

1) Облигациялардың түрі	Қамтамасыз етілмейтін купондық облигациялар
2) Бір Облигацияның атаулы құны (егер бір Облигацияның атаулы құны индекстелген шама болып табылса, онда қосымша бір Облигацияның атаулы құнының есеп айырысу тәртібі көрсетіледі)	1 000 (бір мың) теңге
3) Облигациялар саны	1 000 000 (бір миллион) дана
4) Облигациялардың жалпы шығарылған мөлшері	1 000 000 000 (бір миллиард) теңге
5) Облигацияның атаулы құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) Облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	Облигацияның атаулы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – қазақстан теңгесімен белгіленеді. Бүкіл төлемдерді (сыйақы төлемдері мен негізгі борыш сомасы) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады. Егер Облигациялардың иесі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақыны төлеу теңгемен жасалады, ол үшін Облигациялар иесінің Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банк шоты болуы керек. Егер Облигациялардың Қазақстан Республикасының бейрезидент иесінің

	Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған шоты болмаған жағдайда, онда Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақыны төлеу кезінде теңгені АҚШ долларына айырбастауға болады. Төлем жүргізу үшін Эмитент тиісті төлем жасау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні қалғанда Облигация иесінен — Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша мәлімдеме алған жағдайда теңгені басқа валютаға (тек АҚШ долларына) айырбастауға рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төлем жасау күніне белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға (тек АҚШ долларына) айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигация иесінің есебінен жасалады. Айырбастау кезінде туындайтын Эмитент шығындары Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигация иесіне есептелетін сомадан ұсталатын болады. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Облигациялар иесінің пайдасына Облигациялар бойынша төлем жасағанда теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

4. Орналастырылатын облигацияларға төлем жасау тәсілі

Осы шығарылымның Облигацияларына қолма-қол ақшасыз нысанда ақшалай төлем жасалатын болады. Облигациялар бойынша төлемнің тәртібі мен шарттары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (әрі қарай – «Биржа») ішкі ережелеріне сәйкес іске асырылатын болады.

5. Облигациялар бойынша табыс табу

1) Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері. **Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі;**	Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі Облигация айналымының бүкіл мерзіміне бекітілген болып табылады және Облигацияның атаулы құнының жылдық 20% (жиырма процентін) құрайды.

2) Сыйақы төлеудің мерзімділігі және (немесе) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу күндері	Облигациялардың айналымының бүкіл мерзімінде Облигацияларды айналымға шығарған күннен бастап жылына 4 (төрт) рет әр 3 (үш) ай сайын сыйақы төленетін болады. Купондық сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.
3) Облигациялар бойынша сыйақы есептеле бастайтын күн	Облигациялар бойынша сыйақы Облигацияларды айналдыра бастаған күннен басталады. Сыйақы есептеу Облигациялардың айналымының бүкіл кезеңінде жүргізіледі және Облигациялардың айналымының соңғы күні аяқталады.
4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, Облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілдері	Сыйақы сыйақыны алу құқығына ие және сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күні (Бағалы қағаздар иелерінің тізілімі жүйесін жүргізетін орталық депозитарийдің орналасқан жерінің уақытымен) (әрі қарай – «Бекітілген күні») Эмитенттің бағалы қағаздар иелерінің тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу Бекітілген күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигация иелерінің банк шотына ақша аудару арқылы жасалады. Сыйақы орналастырылған Облигациялардың атаулы құны мен купондық сыйақының тоқсандық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі (облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесін төртке бөліп есептеледі). Үтірден кейінгі белгілер саны мен дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады. Соңғы купондық кезеңге сыйақы төлеу Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.
5) Облигациялар бойынша сыйақыларды есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақыларды төлеу Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және бір айда 30 (отыз) күн уақытша базасының есебінен жасалады.

6. Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналарды қосымша көрсетеді:

1) ақшалай талап сипаттамалары, бөлінген активтер құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның болжалды түсу мерзімдері мен шарттары;

2) облигация иелеріне базалық шарт бойынша құрылған мүлікті меншіктенушінің ауысқаны туралы, арнайы қаржы компанияларының органдарына кредиторлар өкілдерінің енгізілгені және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;

3) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілелеріне қызмет көрсетумен байланысты арнайы қаржы компанияларының шығындар тізбесі.

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде секьюриттеу кезінде мыналарды қосымша көрсетеді:

1) оригинатордың, банк-кастодианның, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап құқықтары бойынша төлемдер алымын жүзеге асыратын тұлғалардың атауы мен орналасқан орны;

2) секьюриттеу мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына кіретін талап құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары, тәртібі мен мерзімі және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) секьюриттеу мәмілесі бойынша қызметтерге төлем жасаумен байланысты шығындар және арнайы қаржы компаниясы шарттарға сәйкес осы шығындарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы;

6) оригинатордың және секьюриттеу мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюриттеуді қолдану тәжірибесінің бар-жоғы туралы мәліметтер;

7) секьюриттеу мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы және болжамдық талдау;

8) талап құқықтарының біртектілік белгісі;

9) облигациялық бағдарламалар аясында шығарылған түрлі шығарымдағы облигацияларды өтеу кезектілігі.

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды

3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналдыру, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4 бабтарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды орналастырудың басталған күні	Облигациялар айналымының басталған күні
2) Облигацияларды орналастыруды аяқталған күні	Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күні
3) Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).	Облигациялар тек ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ғана орналастырылады

9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:

1) Облигациялар айналымының басталған күні	Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес Облигацияларды орналастыру бойынша өткен алғашқы сауда-саттық өткізілген күн. Облигациялар айналымының басталған күні туралы хабарлама Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланатын болады.
2) Облигациялар айналымының аяқталу күні	Айналдыру мерзімінің соңғы күні Облигациялар

3) Облигациялар айналымының мерзімі	Облигациялар айналымының басталған күннен бастап 2 жыл
4) Облигациялар айналымы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).	Облигациялардың айналымы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарлануда

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды өтеу күні	Облигация Облигациялар айналымының басталған күнінен бастап 2 жылдан кейін аяқталатын Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күн ішінде өтеледі.
2) Облигацияларды өтеу тәсілі	Облигация Бекітілген күнгі жағдай бойынша Облигация иелерінің тізілімінде тіркелген Облигация иелерінің банк шотына ақша аудару арқылы Облигациялардың атаулы құны бойынша өтеледі және оған қоса соңғы купондық сыйақы төленеді. Осы шығарылымдағы Облигацияларды төлеу ақшалай жасалатын болады.
3) Егер сыйақыны және Облигацияларды өтеген кездегі атаулы құны Облигацияларды басқа мүліктік құқықтармен шығару проспектісіне сәйкес төленетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібі мен көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамалары, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын жүзеге асыру тәртібі келтіріледі.	Сыйақыны және Облигацияларды өтеу кезіндегі атаулы құнын төлеу басқа мүліктік құқықтармен жүзеге асырылмайды.

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4 баптарында белгіленген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, келесілер көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының (әрі қарай – «Бағалы қағаздар нарығы туралы заң») 15 және 18-4 баптарында белгіленген Облигацияларды шығаруға арналған сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұндайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Эмитенттердің бастамасымен Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі қарастырылмағанын назарға ала отырып, осы тармақта Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқықтарын жүзеге асыру тәртібі, шарттары мен мерзімі сипатталады.

1) облигацияларды сатып алу құқығын жүзеге асыру тәртібі,шарттары.

Қатысушылардың жалпы жиналысы сәйкесінше шешім қабылдаған болса, Эмитент өз Облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда олардың бүкіл айналым мерзімінде сатып алуға және сатуға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, шарттары және мерзімі Қатысушылардың жалпы жиналысының сәйкесінше шешімімен анықталады.

Ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықтардан сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент өзінің сатып алған Облигацияларын бағалы қағаздар нарығында оларды айналдырудың бүкіл мерзімі ішінде қайта сатуға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигация иелерінің құқықтарының бұзылуына алып келмеуі тиіс.

Орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) ашады.

2) Облигацияларды сатып алу құқығын жүзеге асыру мерзімі.

Қатысушылардың жалпы жиналысында Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі қабылданған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигация иелеріне осындай шешімнің қабылданғаны туралы тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есеп депозитарийінің (әрі қарай – «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы хабарлауға міндетті. Жарияланған мәліметтер келесі мәліметтерден тұруы тиіс:

- ✓ Облигациялар сатып алынатын (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) нарықты көрсету;
- ✓ сатып алынатын Облигациялар саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алу күні;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:

- ұйымдастырылмаған нарық үшін – (а) Облигациялар иелерінің тізілімін жүргізетін қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигациялардың сатып алынуы нәтижесінде оларды есептен шығаруға Облигациялар иелерінің бұйрық беру тәртібі және (б) Облигациялар иесіне одан сатып алынған Облигациялардың құнын төлеу үшін ақшалай қаражаттарды аудару тәртібі;

- ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысымен шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Облигацияларды ұйымдастырылмаған нарықтан сатып алғанда, өздеріне тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигация иелерінің Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысында қабылданған Облигацияларды сатып алу шешімі туралы бірінші ақпараттық хабарлама жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің адресіне тиісті жазбаша өтінім беруге құқылы.

Ұйымдастырылған нарықтан Облигацияларды сатып алған жағдайда, Облигация иелерінің өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтінім беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі. Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы Облигация ұстаушыларында Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды сату міндеттемесінің туындауына себеп болып табылмайды.

4-тарау. Ковенанттар (шектеулер) болған жағдайда

12. Егер Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) орнатылса, онда келесілер көрсетіледі:

1) эмитентпен қабылданатын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңмен көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Эмитенттің Облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде міндеттері:

- Облигациялар Эмитенті мен Биржа арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржы есептемесін тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

- Облигациялар Эмитенті мен Биржа арасында жасалған листинг шартында белгіленген Облигациялар Эмитентінің жылдық қаржы есептемесі бойынша аудиторлық есебін тапсыру мерзімінің бұзылуына жол бермеу;

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитент әрекеттерінің тәртібі:

Осы Проспектте көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзылым орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийнің сайтында (www.dfo.kz) ақпаратты орналастыру арқылы Облигация иелеріне осы бұзылым жайында бұзылымның туындау себебін, осы бұзылымды ретке келтірудің тәсілі мен мерзімін толықтай сипаттай отырып хабарлайды.

Облигацияларды сатып алу туралы бір ғана жазбаша талап алған болса да, қатысушылардың жалпы жиналысы сатып алу өтініштерін қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде төмендегі сұрақтар бойнша шешім қабылдауы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алатын күн: бұл ретте сатып алатын күн Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін күнге белгіленуі тиіс;
- есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
- ұйымдастырылмаған нарық үшін –

(а) Облигациялар ұстаушыларының облигациялар ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібінде және

(б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібінде;

- ұйымдастырылған нарық үшін – сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісін көрсету.

Облигацияларды сатып алу Облигация иелері берген жазбаша өтінімдерінің негізінде ғана жүзеге асырылады.

Өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап етпеген Облигация иелері осы Проспектте көзделген тәртіппен Облигациялар айналымы мерзімі аяқталысымен өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

Облигацияларды сатып алу жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, осындай сатып алу күніне Облигациялардың атаулы құнына сәйкес келетін бағамен немесе қай шаманың жоғары болып табылатынына қарай, Облигациялардың әділ нарықтық бағасымен жүзеге асырылатын болады.

3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация иелерінің әрекет ету тәртібі.

Эмитенттің қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратпен осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Облигация ұстаушылары Биржаның (www.kase.kz) және ЖҚО (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты бірінші рет жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигациялар ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін Эмитенттің атына беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, оларды қабылдауға міндетті. Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының Облигацияларды сатып алу жөнінде шешім қабылдағаны туралы, соның ішінде Облигацияларды сатып алу күні туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылары осы тармақтың 2)

тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz) және ЖҚО (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Облигация иесі барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтінім беруі тиіс:

- Заңды тұлға үшін:

1) Облигация иесінің атауы;
2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
3) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген орган;
4) заңды мекенжайы мен орналасқан орны;
5) телефондары;
6) банктік деректемелері;
7) сатып алынатын Облигациялардың саны мен түрі;

- Жеке тұлға үшін:

1) Облигация иесінің тегі, аты және бар болса, әкесінің аты;
2) жеке сәйкестендіру нөмірі;
3) жеке куәлігінің нөмірі, берілген күні және берген органның атауы;
4) тұрғылықты жері;
5) телефондары;
6) банктік деректемелері;
7) сатып алынатын Облигациялардың саны мен түрі.

Облигацияларды сатып алу туралы Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының тиісті шешімімен Облигациялар ұстаушыларының оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерде қосымша мәліметтерді көрсету қажеттігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигациялар ұстаушыларының оларға тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигациялар ұстаушысы Облигацияларды сатып алған күні Облигациялар ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының шешімінде анықталған тәртіппен оларға тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруге тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигациялар ұстаушыларының осы проспектіде көрсетілген олардың айналым мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімі мен тәртібі (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығарғанда).

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарғанда қосымша келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акцияның түрі, саны және орналастыру бағасын анықтау тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигация шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, облигация шығарылымының айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуы тиіс екені, егер облигация шығарылымы толығымен айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигацияларының әрі қарай орналастырылмайтыны, айналдыру мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Осы шығарылымдағы Облигациялар айырбасталмайды.

6-тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішірана қамтамасыз ететін облигациялар эмитентінің мүлкі, сол мүліктің құны туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішірана қамтамасыз ететін эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүліктің құнын көрсете отырып, шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етуді сипаттау;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне процентттік арақатынасы;

3) кепіл затына қолданылатын өндіріп алу айналысының тәртібі.

Осы шығарылымдағы Облигациялар қамтамасыз етілмеген.

15. Кепілдік беретін банктің атауы, орналасқан жері, кепіл шартының деректемелері, кепіл мерзімі мен шарттары көрсетілген деректері (егер облигациялар банк кепілімен қамтамасыз етілген болса).

Осы шығарылымдағы Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Концессия шартының деректемелері және Қазақстан Республикасы Өкіметінің мемлекет кепілдігін беру туралы қаулысы – инфрақұрылымдық облигациялар шығарғанда

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны қолданудың нысаналы мақсаты.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны қолданудың нысаналы мақсаты:

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;

Облигацияларды орналастырудан тартылған ақша жеке кәсіпкерлерге, жеке және заңды тұлғаларға кредиттеуді қаржыландыруға бағытталатын болады.

2) «Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобаларды жіктеудің және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттардың сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Облигациялар «жасыл» болып табылмайды.

3) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда (әлеуметтік жобаларды іске асыруды қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты

даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Облигациялар әлеуметтік облигациялар болып табылмайды.

4) Тұрақты даму облигациялары шығарылған жағдайда («жасыл» және әлеуметтік жобаларды қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын тұрақты даму міндеттерін іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның тұрақты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Облигациялар тұрақты даму облигациялары болып табылмайды.

5) Орналастырудан түскен ақшасы жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

Облигациялар инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

18. Айналым мерзімі өткен эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялар талап ету құқығымен төленбейді.

8-тарау. Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін (акционерлік қоғаммен сатып алғанды қоспағанда) иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер.

19. Эмитенттің орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін (акционерлік қоғаммен сатып алғанды қоспағанда) иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (егер ондай бар болса) (жеке тұлға үшін)	Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына проценттік арақатынасы	Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) Эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентіне немесе жарғылық капиталға қатысу үлестеріне ие бола бастаған күн
Машанло Сергей Геннадьевич	33%	11.09.2017ж.
Машанло Рахим Исхарович	33,5%	11.09.2017ж.
Колесниченко Иван Геннадьевич	33,5%	11.09.2017ж.

9-тарау. Эмитенттің басқару органы мен атқарушы органы туралы мәліметтер.

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер.

1) директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып):

Эмитенттің Жоғары басқару органы:
- Қатысушылардың жалпы жиналысы;

Жалғыз атқарушы органы:
- Директор болып табылады.

2) директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіпте:

Қолданылмайды.

3) эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беретін акцияларының проценттік арақатынасы немесе эмитенттің байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына проценттік арақатынасы:

Қолданылмайды.

4) эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына процценттік арақатынасы:

Қолданылмайды.

21. Алқалық орган немесе эмитенттің атқарушы органының қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

1) атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде):

Эмитенттің жарғысына сәйкес Эмитенттің атқарушы органы Директор Машанло Сергей Геннадьевич болып табылады.

2) атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктері көрсетілген сайланған күн және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіпте:

- Эмитент Директоры Машанло Сергей Геннадьевичті сайлаған күн: 11.09.2017 жыл.
- Эмитент Директорының соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер:

11.09.2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Капиталинвест» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (микроқаржы қызметі), Директор.

01.04.2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «КапиталИнвест Оценка» ЖШС (бағалау қызметі), капиталдағы 100% үлеске ие Құрылтайшы.

3) Директор өкілеттілігі:

- Эмитенттің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- Эмитенттің өкілі болу құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді;
- Эмитенттің қызметкерлеріне қатысты қызметке тағайындау туралы бұйрықтар, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, штаттық кестені бекітеді, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;
- Қатысушылардың жалпы жиналысына өндірістік-шаруашылық қызмет жоспарларын бекітуге ұсынады;
- Эмитентке міндетті бұйрықтар мен басқа да құжаттар шығарады.

4) эмитенттің атқарушы органының қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалық атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына процценттік арақатынасы.

Эмитенттің директоры Эмитенттің жарғылық капиталындағы 33% үлеске ие.

22. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда келесілер көрсетіледі:

1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;

2) басқарушы ұйымның атқарушы органының қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің және басқарушы ұйымның директорлар кеңесі (байқау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларды сайлау күні және олардың соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіпте;

4) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына проценттік арақатынасы;

5) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына проценттік арақатынасы.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.

10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері.

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) қызметтің негізгі түрі:

Эмитент қызметінің негізгі түрі микрокредиттер беру болып табылады.

2) Маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы табысындағы үлесін көрсете отырып, эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Эмитент жеке және (немесе) заңды тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз етіле отырып не қамтамасыз етілмей микрокредиттер береді.

Эмитент қызметінің маусымдық сипаты жоқ.

3) Эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Эмитенттің бәсекелестері ретінде Қазақстан Республикасының басқа да микроқаржы ұйымдарын қарастыруға болады, олардың кейбіреулері төменде көрсетілген:

№	Ататуы	Орналасқан жері
1	«KMF (КМФ)» «Микроқаржы ұйымы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Н. Назарбаев даңғ., 50
2	«Тойота Файнаншл Сервисез Казахстан» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 17, 302-п.
3	«ОнлайнКазФинанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 8
4	«МК-Финанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл Фараби даңғ., 107
5	«Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көш.,

		48, 2-қабат, 2/3-кеңсе
6	«Азиялық несие қоры» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көш., 60, 4-қабат, 410-кеңсе

4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар.

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң әсер ететін факторлар:

- Кредит бюросының деректеріне қол жеткізу;
- Микрокредиттің максималды сомасын арттыру;
- Меншікті активтерді бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау мүмкіндігін алу;
- Бағалы қағаздарды шығару мүмкіндігі;
- Жалпы саяси тұрақтылық;
- Демограциялық жағдайды жақсарту (халықтың өсуі);
- Халық арасында микрокредиттерге сұраныстың өсуі.

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына теріс әсер ететін факторлар:

- Қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің коэффициентін белгілеу;
- Пандемияның салдарына байланысты 2020 жылдың басында Қазақстан экономикасында және әлемдік экономикада туындаған макроэкономикалық процестерге байланысты қарыз алушылардың алынған микрокредиттер бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамау тәуекелінің артуы;
- Жалпы саяси тұрақсыздық;
- Микрокредиттеу нарығындағы бәсекелестіктің өсуі;
- Тартылатын қаражат құнының қымбаттауы;
- Бақылаушы органдардың реттеушілік шектеулері.

5) Эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, соның ішінде эмитент демеушілік ететін зерттеу әзірлемелеріне арналған шығындар туралы ақпарат.

Эмитенттің Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қ. Аймақтық өкілдер басқармасы берген 11.03.2021 жылғы №02.21.0014.М микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға мерзімсіз лицензиясы бар.

Эмитент зерттеулер мен әзірлемелерді, соның ішінде зерттеу әзірлемелерін жүзеге асырмайды және демеушілікпен айналыспайды.

6) Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және өткізілетін өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) үлесі.

Эмитент шикізатты (жұмыстарды, қызметтерді) импорттамайды және өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) экспортқа өткізбейді (көрсетпейді).

7) Эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп проценті мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

Проспект берілген күнгі жағдай бойынша Эмитент Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспады.

8) Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары

Эмитент осы проспектіде көрсетілгендерден басқа тәуекел факторларының болуын болжамайды.

24. Тауар айналымының (көрсетілетін жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемі өзі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп процентін құрайтын эмитенттің тұтынушылары мен тауар (жұмыстар, қызметтер) жеткізушілері туралы мәліметтер.

Эмитенттің көрсетілетін қызметтерінің көлемі Эмитент көрсететін қызметтердің жалпы құнының 10 (он) және одан да көп процентін құрайтын Эмитент қызметтерінің тұтынушылары жоқ.

Эмитенттің тауар айналымының (көрсетілетін жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемі Эмитент тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп процентін құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) жеткізушілер жоқ.

25. Әрбір активтің тиісті теңгерімдік құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп процентін құрайтын эмитенттің активтері.

30.09.2021 ж. жағдай бойынша.

Активтің атауы	**Активтердің жалпы көлемінен үлес**	**Активтің баланстық құны, мың теңге**
Құнсыздануға арналған резервтерді шегере отырып, берілген қарыздар (микрокредиттер)	**95,1%**	**286 197**

26. Эмитент активтерінің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан көп проценті мөлшеріндегі дебиторлық берешек.

1) эмитенттің алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам процентін құрайтын эмитент дебиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (жақын арадағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөліп көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Эмитентте Эмитент активтерінің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан да көп проценті мөлшерінде дебиторлық берешек жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан көп процентін құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі.

1) эмитенттің кредиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (жақын арадағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөліп көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Эмитенттің Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан да көп проценті мөлшерінде кредиторлық берешегі жоқ.

28. Эмитенттің левередж шамасы.

	2021 ж. 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2020 ж. 31 желтоқсан (аудиттелген)	2019 ж. 31 желтоқсан (аудиттелмеген)
Міндеттеме, мың теңге	**39 525**	**86 081**	**91 901**
Меншік капиталы, мың теңге	**261 371**	**185 921**	**138 282**
Левередж коэффициенті	**0,2**	**0,5**	**0,7**

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылы үшін эмитенттің қызметінен алынған таза ақша ағындары.

	2021 ж. 9 айлық кезеңі (аудиттелмеген)	31.12.2020 ж. (аудиттелген)	31.12.2019 ж. (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	**38 248**	**44 554**	**54 585**
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	**(37 490)**	**(10 955)**	**(133 396)**
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы	**(34 707)**	**(2 495)**	**(62 396)**
Барлығы: ақша қаражатының артуы / азаюы	**(33 949)**	**31 104**	**(16 415)**
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	**702**	**34 651**	**3 547**

30. Осы облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейінгі эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (өтелген және күші жойылған облигациялар шығарылымдарын қоспағанда) туралы мәліметтер.

1) әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және атаулы құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны;

2) орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар

бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке);

3) егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі;

4) сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналымда болатын нарықтар;

5) бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

Мәлімет жоқ, өйткені Эмитент Облигацияларды шығаруды алғаш рет жүзеге асырады.

11-тарау. Эмитент туралы және ол орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы қосымша мәліметтер.

31. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

1) Эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген Облигацияның атаулы құнының мерзімін алу немесе басқа мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның атаулы құнының ол бойынша тіркелген процентін немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген басқа да мүліктік құқықтарды алу құқығы:

- Эмитенттен осы Проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде атаулы құнын алу құқығы;
- осы Проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімдерде бекітілген сыйлықақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- осы Проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Биржаның талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) Эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, соның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:

Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды бұзған жағдайда, осындай сатып алу күніне жинақталған сыйлықақыны ескере отырып, Облигациялардың атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша жүргізуге тиіс;

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Эмитент орналастырылған Облигацияларды осындай сатып алу күніне жинақталған сыйлықақыны ескере отырып, Облигациялардың атаулы құнына сәйкес баға бойынша немесе қандай шама ең жоғары болатынына қарай Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Биржаның ішкі құжаттарында көзделген мерзімдер ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарында осындай мерзім болмаған кезде - осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде

Эмитент төмендегіні қоса алғанда, Облигация ұстаушыларының осындай дерегі туралы Биржаның ресми (www.kase.kz) сайтында және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды:

Эмитент Облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат;

Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигациялар ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін тізімдеу;

Эмитент шешімі бойынша басқа ақпарат.

Эмитент осы тармақта көрсетілген оқиғалардың біреуі туындағаны туралы хабарлаған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар ұстаушыларының кез келгені Эмитентке тиісті жазбаша талап беру арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент алғашқы жазбаша талапты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей сатып алу күнін анықтайды және қатысушылардың жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Биржаның ресми сайттарында www.kase.kz) және ДФО сайтында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы Облигациялар ұстаушыларының Облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды.

3) Өзге құқықтар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

32. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:

1) Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар тізбесі;

Дефолт – Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (әрі қарай — «Дефолт оқиғасы») Эмитенттің негізгі борышты және/немесе купондық сыйақыны төлеу үшін осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және/немесе купондық сыйлықақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

Егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйлықақыны және/немесе атаулы құнды төлеуді жүзеге асыруына не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Облигациялар ұстаушылары тізілімінің Эмитентіне заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде ұсынбауға жағдай жасайтын Облигациялар ұстаушысының банк шотының дәйексіз не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болса, Эмитенттің осы Проспектіде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлемеуі не сыйлықақыны және/немесе Облигациялардың атаулы құнын толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамаған болса, ол жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге шегеріледі.

2) Облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигациялар ұстаушыларының құқықтарын қорғау рәсімдерін, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса

алғанда, Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар:

Эмитенттің кінәсінен купондық сыйлықақы және/немесе негізгі борыш осы Проспектіде көрсетілген тәртіпте және мерзімдерде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент Облигациялар ұстаушыларына ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.

Дефолт Оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс, ол Облигациялардың көлемін не ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын және (қажет болғанда) Облигациялар шығарылымы проспектісіне ықтимал өзгерістер жобасын ескере отырып жасалуға тиіс.

Егер Облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болғанда туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде, Облигациялар ұстаушыларының алынған жазбаша талаптары бойынша Облигациялар және Облигациялар бойынша негізгі борыш және/немесе купондық сыйлықақы сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Эмитенттің және Облигациялар ұстаушыларының немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының бұдан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы Облигациялардың оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигациялар ұстаушыларымен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, соның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескеріп, қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдайды.

3) Орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигациялар ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің аударылуы, облигациялар ұстаушыларының эмитентке қойылатын талаппен жүгіну тәртібі, эмитент эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға қатысты мәліметтерді қамтитын дефолт деректері туралы ақпаратты облигациялар ұстаушыларының назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталғанда Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент осы ақпаратты Облигациялар ұстаушыларының назарына тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ережелерінде белгіленген тәртіпте Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ДФО

ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы салады. Эмитенттің ақпараттық хабарында келесі мәліметтер болуы тиіс:

- Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептердің толық сипаттамасы;
- орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;
- Облигациялар ұстаушыларының Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигациялар ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттер аудару;
- Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Облигациялар ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу күні;
- Эмитент шешімі бойынша басқа ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

4) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ мемлекеттік тіркелген күні (осындай тұлғалар болғанда):

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын тұлғалар — жоқ.

33. Облигацияларды өтеу мезетіне дейін сыйлықақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектіге 2-қосымшада берілген.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

1) Салалық тәуекелдер – эмитенттің саласындағы жағдайдың мүмкін нашарлауы оның қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін анағұрлым маңызды (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) өзгерістер келтіріледі:

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында ғана жүзеге асырады. Осыған байланысты Эмитенттің қызметіне байланысты салалық тәуекелдер ішкі нарықта қызметті жүзеге асыру кезінде туындайды. Эмитенттің қызметіне қатысты ең маңызды салалық тәуекелдерге мыналарды жатқызуға болады:

- нарықтағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты тәуекелдер;
- клиенттердің несиелік қабілетінің өзгеруі;
- жалпы макроэкономикалық конъюнктураның әсерінен Эмитенттің қызметтеріне сұраныстың өзгеруі.
- елдегі экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және соның салдарынан микрокредит беру нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты тәуекелдер.

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитент сыртқы нарықта қызметтін жүзеге асырмайды.

Эмитенттің өз қызметінде қолданатын шикізатқа, қызметтерге бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады:

Эмитент өз қызметінде шикізатты пайдаланбайды, ал өзіндік құн құрылымында бөгде ұйымдардың тұтынатын қызметтерінің үлесі шамалы, сондықтан шикізат пен көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер жоқ және олар

Эмитенттің қызметіне және Эмитенттің оның бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындауына әсер етпейді.

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне бағаның өзгеру (ішкі және сыртқы нарықта бөлек) ықтималдығына байланысты тәуекелдер және олардың эмитент қызметі мен бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері бөлек сипатталады:

Эмитенттің ішкі нарықтағы қызметтері бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер бәсекелестердің іс-әрекеттерімен және реттеуші органның осы саладағы қызметті қатаңдатуы салдарынан проценттік мөлшерлемелердің төмендеуімен байланысты болуы мүмкін, бұл жалпы алғанда микрокредит беру нарығының проценттік маржасының және тиісінше Эмитенттің мәмілелері бойынша кірістілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Эмитент осы тәуекелдің өз қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауға әсерін төмен деп бағалайды. Осы тәуекелді төмендету мақсатында Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

2) Қаржы тәуекелдер – эмитенттің қаржылық жағдайының проценттік мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбастау бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды:

Эмитенттің қызметі экономикалық жағдайдың өзгеруіне және қаржы нарықтарының конъюнктурасына байланысты қаржылық тәуекелдермен байланысты. Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін қаржылық тәуекелдерге мыналар жатады:

- кредиттік тәуекел;
- валюталық тәуекел (шетел валюталарын айырбастау бағамының қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекел);
- проценттік тәуекел (проценттік мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекел);
- нарықтық тәуекел (бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекел).

Кредиттік тәуекел

Эмитент өзіне кредиттік тәуекелді, атап айтқанда қарыз алушы берешекті белгіленген мерзімде толық өтей алмайтындай тәуекелді қабылдайды. Кредиттік тәуекелі бар операцияларды жасау кезінде қарыз алушыларға/кредит өніміне/кредиттік портфельдің басқа бөлімдеріне лимиттерді белгілеу нысанында кредиттік тәуекелге шектеулер белгіленеді. Бұл ретте Эмитент жоғары кредиттік тәуекелдің себептерін уақтылы қадағалау және жою мақсатында лимиттер мен шектеулерді басқару процесін барынша автоматтандыруды болжайды. Кредиттік тәуекелді басқарудың мақсаты қарыз алушылардың өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан Эмитенттің шығындарын барынша азайту және кредиттік тәуекелді ескере отырып, Эмитенттің кірістілігін барынша ұлғайту болып табылады.

Кредиттік тәуекелдерді басқару міндеттері:

- кредиттік тәуекелдерді талдау және бағалау;
- тәуекелдер шамасын анықтау;
- кредиттік тәуекелдерді басқару;
- кредиттік тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бақылау.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел шетел валютасына қатысты теңге бағамының ықтимал құбылмалылығына байланысты. Проспект ұсынылған күні Эмитентте валюталық қарыздар жоқ және валюталық тәуекелдер төмен деп бағаланады. Валюталық қарыздарды тарту кезінде Эмитент валюталық бағам өзгерістерінің әсерін төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдауды жоспарлап отыр.

Проценттік тәуекел

Эмитенттің қызметі бәсекелестіктің өсуі және реттеуші органның осы саладағы қызметті қатаңдатуы салдарынан проценттік мөлшерлемелердің төмендеуі салдарынан проценттік тәуекелге ұшырайды, бұл жалпы алғанда микрокредит беру нарығының проценттік маржасының және тиісінше Эмитенттің мәмілелері бойынша кірістілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел - бұл қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарықтық параметрлердегі өзгерістер салдарынан тұрақсыз болатын тәуекел. Эмитент құбылмалы проценттік мөлшерлемелері бар құралдарды тартпайтынын және шығармайтынын, сондай-ақ үлестік құралдарды тартпайтынын ескере отырып, Эмитент Басшылығы Эмитенттің болашақ ақша ағындарына әсер ететін негізгі нарықтық параметр ретінде валюта бағамы өзгерістерінің әсерін бағалауды жүргізеді.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер бөлек сипатталады.

Эмитенттің қызметі эмитенттің қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) туындайтын өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитенттің залалдардың туындауына және (немесе) Эмитенттің өзінің қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы болжанбаған қажеттіліктің туындауына байланысты тәуекелдерге ұшыраған. Эмитент осы тәуекелдің ықпалын төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды, оның ішінде активтер мен міндеттемелер құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі:

Қаржылық тәуекелдерге Эмитенттің міндеттемелері (қарыздар, кредиторлық берешек), сондай-ақ Эмитенттің жекелеген активтері (берілген микрокредиттер) барынша бейім. Эмитент қаржылық тәуекелдердің туындау ықтималдығын елеусіз деп бағалайды, өйткені Эмитент Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайына осы тәуекелдердің әсерін мониторингтеу, бақылау және азайту үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдауды жоспарлап отыр.

3) құқықтық тәуекел – эмитенттің Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды:

Эмитент:

- Қазақстан Республикасының микроқаржы ұйымдарының қызметі саласындағы заңнамасының өзгеруі;
- Эмитенттің өз қызметін және ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес уақтылы келтіруге қабілетсіздігі салдарынан шығындардың туындауының құқықтық тәуекеліне ұшырауы мүмкін. Эмитенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы құқықтық тәуекелді арттырады, бұл шығыстардың (шығындардың) туындауына әкеп соғуы және Эмитенттің қаржылық жағдайы

мен қызметінің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Эмитент өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін шаралар қабылдайды.

Эмитент құқықтық тәуекелді төмен деп бағалайды, өйткені осы тәуекелді тиімді басқару Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

- эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары:

Эмитент лицензиялау саласындағы өзгерістер Эмитент қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді деп санайды.

– эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шығындардың пайда болу тәуекелі ретінде анықтайды, оның ішінде:

- Эмитенттің, клиенттердің немесе қарсы әріптестердің жасалған мәмілелердің талаптарын бұзуы;
- құқықтық жүйенің жетілмегендігі (жеткілікті құқықтық реттеудің болмауы, өзгерістерге ұшырағыштық, оның ішінде мемлекеттік реттеу және (немесе) қадағалау әдістерінің жетілмеуіне қатысты, жекелеген мәселелерді келіссөздер арқылы шешудің мүмкін еместігі және нәтижесі ретінде – оларды реттеу үшін сот органдарына жүгіну.

- қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде):

Эмитент бұл тәуекелді әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шығындардың пайда болу тәуекелі ретінде анықтайды, оның ішінде:

- Эмитент қызметкерлерінің немесе басқару органдарының іс-әрекеттері салдарынан қызметінде құқықтық қателіктерге әкеп соқтыратын құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;
- Эмитенттің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі;
- Қазақстан Республикасының, оның ішінде қарсы серіктестерді сәйкестендіру және зерделеу, пайда алушыларды (пайдасына клиенттер жұмыс істейтін адамдарды) анықтау және сәйкестендіру жөніндегі заңнамасын сақтамау;
- операциялар мен басқа да мәмілелерді, қаржылық инновациялар мен технологияларды жүргізудің жаңа көрсетілетін қызметтері мен шарттарын әзірлеу және енгізу кезінде құқықтық мәселелердің жеткіліксіз пысықталуы.

Эмитент құқықтық тәуекелді төмен деп бағалайды, өйткені бұл тәуекелді тиімді басқару жүзеге асырылады.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені сипатталады:

Эмитенттің қызметінде Эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның қызметтерінің сапасы немесе жалпы алғанда оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің калыптасуы салдарынан клиенттер санының азаюы нәтижесінде шығындардың туындау

тәуекелі бар. Эмитент Эмитенттің іскерлік беделін қолдау мақсатында осы тәуекелді елеусіз деп бағалайды:

- Эмитенттің контрагенттерімен шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- клиенттерге, контрагенттерге, реттеу және қадағалау органдарына және басқа да мүдделі тараптарға ұсынылатын қаржылық есептіліктің және басқа да жарияланатын ақпараттың анықтығына бақылауды жүзеге асырады;

- жыл сайынғы аудиттен өтеді;

- қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың сақталуын бақылайды;

- қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылайды.

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел:

Эмитенттің қызметінде Эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және Эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді тиісінше немесе жеткілікті түрде есепке алмағанында білінетін, Эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, Эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін шығындардың туындау тәуекелі бар.

Эмитент бұл тәуекелді елеусіз деп бағалайды, өйткені Эмитенттің стратегиялық шешімдерін тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында компанияның ағымдағы жағдайын, қызметтің басым бағыттарын айқындауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың іске асырылуын бақылауды қоса алғанда, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасы қолданылады. Эмитенттің стратегиясында айқындалған қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру процесінде Эмитенттің стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі есептік өлшемдердің болжамды мәндерден ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарық конъюнктурасы өзгерістерінің әсерінен түзетулер енгізілуі мүмкін.

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер:

- эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы:

Эмитенттің микроқаржы қызметін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы Өңірлік өкілдер басқармасы берген 2021 жылғы 11 наурыздағы №02.21.0014.М. мерзімсіз лицензиясы бар.

Лицензия мерзімсіз болғандықтан, Эмитент бұл тәуекелді минималды деп бағалайды.

– эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі:

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапты емес. Эмитенттің еншілес ұйымдары жоқ.

– айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 (он) проценті тиесілі болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы:

Осы проспектіні бекіту күніне Эмитентте айналымы Эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен түсімнің кемінде 10 (он) процентін құрайтын тұтынушылар жоқ.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды:

Осы проспектіні бекіту күніне эмитентте резидент емес контрагенттер жоқ.

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды:

Операциялық тәуекел – жүйелік іркіліс, қызметкерлердің қателері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, заңды салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Эмитент барлық операциялық тәуекелдердің жойылғанын болжай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және бақылау және ықтимал тәуекелдерге тиісті реакция арқылы Эмитент осындай тәуекелдерді белсенді басқарады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, қол жеткізу құқығын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, қызметкерді оқытуды, сондай-ақ ішкі тексерулерді қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

9) Экологиялық тәуекел – эмитенттің қызметіне ықпал ете алатын климаттық және экологиялық факторлармен байланысты тәуекелдер сипатталады.

Эмитенттің экологиялық қызметтер тарапынан салынған экологиялық айыппұлдар прецеденттері болған жоқ, тәуекелдің бұл түрі ықтималды түрде жоқ. Эмитенттің өндірістік қызметінде экологиялық зиянды (қауіпті) технологиясы бар өндірістері жоқ. Эмитенттің өндірістік қызметі атмосфераға зиянды шығарындыларды қарастырмайды.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

1) эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, эмитенттің бұл ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі көрсетіледі;

2) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, осындай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарына, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

3) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, осындай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады:

Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге мүшелеріне тәуелді емес.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (егер бар болса), орналасқан жері;

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мөлшері - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп процентіне иелік ететін ұйымдар туралы (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) сондай ұйым бойынша келесідей ақпарат көрсетілген мәліметтер:

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері;

2) эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі, ал сондай ұйым акционерлік қоғам болған жағдайда - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитент қандай да бір ұйымның акционері немесе қатысушысы болып табылмайды.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары);

уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні;

кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі;

2) эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (код ISIN) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі.

Эмитентке және/немесе Эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг берілмеген.

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

1) облигациялар ұстаушыларының өкілінің толық және қысқартылған атауы;

2) облигациялар ұстаушыларының өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) эмитенттің облигациялар ұстаушыларының өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың атаулы құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асыратын болады.

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетілмеді.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер.

Тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);	«ТрастФинАудит» АК» ЖШС Пак Диана Алексеевна Қазақстан Республикасы «Аудиторлар палатасы» КАҰ мүшесі, 2000 жылдан бастап «JHI Association» Халықаралық бухгалтерлік желісінің мүшесі.
Орналасқан жерінің мекенжайы, телефон/факс нөмірі	Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 29-үй. тел. +7(727)-275-18-67

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» және 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары:

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп процентін иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

1) жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2)заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп процентіне иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп процентіне иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акцияларының немесе қатысу үлестерінің жалпы санына проценттік арақатынасы;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп процентіне иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акцияларының немесе акцияларының он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп процентін иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритилендіру мәмілесіне тараптардың үлестес екені туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда осы тармақты эмитент толтырмайды.

Осы тармақ бойынша ақпарат осы Проспектінің 1-қосымшасында көрсетілген.

44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер:

Эмитент шығындарының атауы	Есептеу базасы
Қор биржасының алдын ала алымы	Бағалы қағаздардың әр шығарылымы үшін 100 АЕК мөлшері
Облигацияларды Қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарағаны үшін Қор биржасының листингтік алымы	Бағалы қағаздар шығару көлемінен 0,025%, бұл ретте: бағалы қағаздардың барлық шығарылымдарын қарау үшін алымның минималды сомасы – 100 АЕК; қарау үшін алымның максималды сомасы – бағалы қағаздардың барлық шығарылымдары үшін 1 000 АЕК
Қор биржасының кіріспе листингтік алымы	Бағалы қағаздар шығару көлемінен 0,015%, бұл ретте: бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы үшін кіріспе алымның минималды сомасы – 100 АЕК; бір эмитенттің бағалы қағаздарының төрт және одан да көп шығарылымын Биржаның ресми тізіміне бір мезгілде енгізген кезде бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы үшін кіріс алымының максималды сомасы 1 500 АЕК немесе 5 000 АЕК
Қор биржасының жыл сайынғы листингтік алымы	Бағалы қағаздар шығару көлемінен 0,025%, бұл ретте: жыл сайынғы алымның минималды сомасы – 100 АЕК; жыл сайынғы алымның максималды сомасы – 2 000 АЕК. 100 АЕК – бағалы қағаздардың қалған шығарылымдарының әрқайсысы үшін
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ қызметтері	Тарифтерге сәйкес

Шығындар қызметтерді жеткізушілердің шоттарына ақша аудару арқылы Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен төленетін болады.

Директор Машанло С.Г.

1-қосымша. Эмитенттің үлестес тұлғалары.

Жеке тұлғалар				
№	Атауы	Үлестестікті тану үшін негіздер	Үлестестіктің пайда болу күні	Тұрғылықты елі
1.	Машанло Сергей Геннадьевич	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің қатышусы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
		«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Директоры «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 3-тармақшасы	17.09.2017 г.	
		«КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің қатышусы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы	02.04.2019 г.	
2.	Машанло Сара Дауровна	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Директоры, Қатысушысы мен и «КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің қатышусы Машанло Сергей Геннадьевичтің анасы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
3.	Наливайко Геннадий Алексеевич	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Директоры, Қатысушысы мен и «КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің қатышусы Машанло Сергей Геннадьевичтің әкесі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
4.	Машанло Даниал Сергеевич	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Директоры, Қатысушысы мен и «КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің қатышусы Машанло Сергей Геннадьевичтің баласы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	31.01.2018 г.	Қазақстан Республикасы
5.	Итамов Ринат Масимжанович	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Директоры, Қатысушысы мен и «КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің қатышусы Машанло Сергей Геннадьевичтің інісі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
6.	Колесниченко Иван Геннадьевич	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің қатышусы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
7.	Колесниченко Геннадий Трофимович	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Колесниченко Иван Геннадьевичтің әкесі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
8.	Колесниченко Валентина	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы

	Ивановна	Колесниченко Иван Геннадьевичтің анасы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы		
9.	Колесниченко Геннадий Геннадьевич	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Колесниченко Иван Геннадьевичтің інісі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
10.	Иминова Олеся Геннадьевна	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Колесниченко Иван Геннадьевичтің сіңлісі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
11.	Машанло Рахим Исхарович	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің қатышусы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
12.	Машанло Исхар Юсупович	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Машанло Рахима Исхаровичтің әкесі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
13.	Машанло Амина Дауровна	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Машанло Рахима Исхаровичтің анасы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
14.	Тохтахунова Зухрия Исхаровна	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Машанло Рахима Исхаровичтің апасы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	17.09.2017 г.	Қазақстан Республикасы
15.	Машанло Тимур Рахимович	«Капиталинвест» МҚҰ» ЖШС-нің Қатысушысы Машанло Рахима Исхаровичтің баласы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	20.11.2018 г.	Қазақстан Республикасы
16.	Кожабеков Азамат Мейрманович	«КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің Директоры «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 3-тармақшасы	07.12.2020 г.	Қазақстан Республикасы
17.	Кожабеков Мейрман Мейманович	«КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің Директоры Кожабекова Азамат Мейрмановичтің әкесі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	07.12.2020 г.	Қазақстан Республикасы
18.	Кожабекова Адиля Дамировна	«КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің Директоры Кожабекова Азамат Мейрмановичтің анасы «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	07.12.2020 г.	Қазақстан Республикасы

19.	Кожабеков Алмас Мейрманович	«КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің Директоры Кожабекова Азамат Мейрмановичтің інісі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	07.12.2020 г.	Қазақстан Республикасы
20.	Кожабекова Айдана Мейрмановна	«КапиталИнвест Оценка» ЖШС-нің Директоры Кожабекова Азамат Мейрмановичтің сіңлісі «ЖШС туралы» Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	07.12.2020 г.	Қазақстан Республикасы

1 қосымша. Эмитенттің үлестес тұлғалары.

	Заңды тұлғалар			
№	**Атауы**	**Үлестестікті тану үшін негіздер**	**Үлестестіктің пайда болу күні**	**Тұрғылықты елі**
1.	«КапиталИнвест Оценка» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"ЖШС туралы" Заңның 12-1-бабы 2-тармағының 5-тармақшасы	02.04.2019	Қазақстан Республикасы

2-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

Эмитент Облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған ақшаны операциялық қызметті кеңейтуге жіберуді жоспарлап отыр, осыған байланысты сыйақылар төлеу және Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көзі Эмитенттің операциялық қызметінен түсетін түсімдер болады:

Баптың атауы	**1 тоқсан 2022 ж.**	**2 тоқсан 2022 ж.**	**3 тоқсан 2022 ж.**	**4 тоқсан 2022 ж.**	**1 тоқсан 2023 г.**	**2 тоқсан 2023 г.**	**3 тоқсан 2023 г.**	**4 тоқсан 2023 г.**
Берілген микрокредиттер бойынша негізгі борышты өтеу	360 000	550 000	750 000	800 000	850 000	900 000	1 100 000	1 500 000

Берілген микрокредиттер бойынша сыйақыны өтеу	158 000	242 000	330 000	352 000	374 000	396 000	484 000	660 000
Операциялық шығыстар	-15 000	-15 000	-15 000	-15 000	-15 000	-15 000	-15 000	-15 000
Операциялық қызметтен түскен таза ағын	533 000	807 000	1 095 000	1 167 000	1 239 000	1 311 000	1 599 000	2 175 000
Микрокредиттер беру	-400 000	-500 000	-550 000	-600 000	-630 000	-800 000	-900 000	-1 100 000
Облигацияларды орналастыру	1 000 000							-1 000 000
Облигациялардың бірінші шығарылымы бойынша купондық сыйақы төлеу	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000	50 000

* купондық сыйақының алдын ала күтілетін мөлшерлемесі жылдық 20% құрайды. Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары қате немесе дәл емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, проценттік мөлшерлемелердің, айырбас бағамының және басқа да нарықтық жағдайлардың өзгерістерін қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгертуге жататын болжамдарға, бағаларға немесе әдістерге байланысты болады. Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізбейді.

Прошито и
прошнуровано на
35 (тридцать пять) стр.